Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 99-103 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 99-103 pp.
http://bulpedps.enu.kz/; E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

ӘОЖ 37.013.77

А. Б. Нурлыбекова [1], С. Мамадалиев [2]
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: [1]a_nurlybekova@mail.ru, [2]Sanzhar_sherlock@mail.ru)

Болашақ мұғалімдерді жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқуын гуманистік-бағдарлық алдын алуға дайындау

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқуларды алдын алуға гуманистик-бағдарлық дайындау мәселесі қарастырылған. Жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқулардың себептерін анықтау және оларды дер кезінде алдын алу, мұнда гуманистик-бағдарлық тәрбие принциптерді ұстану іскерліктерін қалыптастырудың тиімді тәсілдері анықталған. Болашақ педагогтарды девиантті мінез құлықтың алдын алуға гуманистик-бағдарлық дайындаудың мазмұны талданған.

Түйін сөздер. Болашақ мұғалім, жеткіншектер, мінез-құлықындағы ауытқулар; мінез-құлықындағы ауытқулары себептері; алдын алу; гуманистик-бағдарлық дайындау; девинатты мінез-құлық; білім беру мазмұны; педагогикалық әсер; педагогикалық өзара әренкеттесу; тәрбие жұмысы формалары; тәрбие әдістері.

DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-124-3-99-103

Девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс әрқашанда тәрбие жұмысы теориясы мен тәжірибесінің күрделі мәселелерінің бірі болып келген. Қазіргі мектеп дамуы сатысында балалар тәрбиесімен байланысты мәселелер, олардың кейбір келеңсіз салдары мінез-құлықындағы ауытқулары бар жеткіншектермен жұмыстың қажетті дәрежеде жүргізілмейтіндігімен байланысты. Жалпы білім беретін мектептерде жұмыс істейтін, үш жылға дейін педагогикалық еңбек өтілімі болған жас мамандармен өткізілген сұхбаттар мен сауалнамалар нәтижелері олардың педагогикалық қызметте кездесетін негізгі қиындықтар мен мәселелер арасында мінез-құлықындағы ауытқулары бар балалармен жұмыс алдағы үш қиындықар қатарына кіретіндігі мәлім болды. Яғни, 87,5% респондеттер жұмыста ең жиі кездесетін, өздері үшін қиын деп санайтын мәселелер қатарына сынып оқушыларымен өзара әрекеттесу тәсілдерін жете меңгермегендігі, сабақты ұйымдастыру мен өткізудегі тәжірибенің жетіспеушілігі, «сабақты бұзатын», басқа да оқушылардың толыққанды оқу-танымдық іс-әрекетіне кедергі жасайтын тәрбиесі қиын балалармен жұмыс екендігін атап өткен. Педагогика және психология жеткіншектердің мінез-құлықындағы ауытқылар мәселесі бойынша өте бай ғылыми білімдер қорын жинақтағанымен, педагог мамандар шынайы педагогикалық іс-тәжірибеде, тәрбиесі қиын балалармен жұмыстың нақтылы жағдаяттарымен кездесгенде мәселенің оң шешімдерін әрдайым да таба бермейтіндігін, немесе олар білетін тәрбиелік әсер тәсілдері күтілетін нәтижелер бермейтіндігін атап өтеді.

Сондықтан мінез-құлықындағы ауытқыулары бар жеткіншектермен жұмыс мәселесі төңірегінде мына сұрақтар пайда болуы анық:

Біріншіден, педагогика ғылымының девиантты мінез-құлықты балаларды тәрбиелеу немесе қайта тәрбиелеу мәселесі бойынша жинақтаған білімдер қоры аз ма, әрі қазіргі таңдағы педагогикалық міндеттерді шешуге әлсіз ма?

Екіншіден, мінез-құлықындағы ауытқылары бар жеткіншектермен тәрбиелік жұмыс туралы білімдер жеткілікті болғанымен, жас педагог мамандар бұл білімдерді және оларды пайдалану тәсілдерін жете меңгерген емес, сондықтан қай педагогикалық білімдерді, қай жағдайларда пайдалануды білмейді.

Үшіншіден, дерлік, педагогтың жеткішектердің мінез-құлықындағы ауытқылары туралы қажетті білімдері де бар, оларды нақтылы педагогикалық жағдаяттарда пайдалану іскерліктері де қалыптасқан. Бірақ, бұл білімдерді пайдаланудың тұғырлары (амалдары) қазіргі педагогикалық гумандық парадигмалар тұрғысынан дұрыс таңдалмаған.

Біздің Оңтүстік Қазақстан облысы жалпы білім беретін мектептеріндегі педагогикалық байқауларымыз, жас педагогтармен өткізген интервью және сұхбаттарымыз дәл үшінші тезисті орынды екендігін көрсетеді.

Тәрбиесі қиын балалар психологиясы мен педагогикасы, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі мәселелері бойынша мектеп мұғалімі қызметін ақпараттық-әдістемелік қаматамасыз ету мәселесі айтарлықтай оң шешімін тапқан секілді. Ақпараттандырудың дамыған кезінде педагог девианттты мінез-құлықты балалармен жұмыс әдістемесі туралы өзіне қажетті мәліметтердің үлкен ауқымын қысқа мерзімде жинақтап алу және олармен танысып шығуы мүмкін. Бірақ мәселе өте ауықымды педагогикалық ақпараттар ішінен нәтиеже беретінін таңдай білуде және оны нақтылы жағдаятта тиімді пайдалана білуде. Жас маман өзі оқып-үйренген қиын балалармен тәрбиелік жұмыс тәсілдерін бірте-бірте пайдаланып, олардың қай бірі нәтиже беретіндігін анықтап отыруға мүмкіндігі жоқ. Осы тұрғыдан болашақ маманның педагогикалық ойлауын, әдіснамалық мәдениетін дамытудың қаншама зәру екендігін ескеру керек деп ойлаймыз.

Мектеп басшылары мен педагогтары арасында педагогикалық теорияны тіпті «меңемейтіндер» де аз емес. Теория басқа, тәжірибе басқа, университетте оқитатын дүние басқа, ал шынайы педагогикалық қызмет басқа деген тұжырымдардың басымдығынан біз әлі де арылғанымыз жоқ. Мектепке педагогикалық инновациялар жаппай енгізіліп отырған, әр оқу жылында оқу мамұнына, оқу-тәрбие үрдісіне ондаған жаңалықтар кіріп отырған қазіргі таңда педагогикалық тәжіибенің педагогикалық теорияға деген сұранысы алда қайда күшееді. Осы тұрғыдан тәрбиесінде ауытқысы бар балалармен жұмыс та жаңа тұғырларды, жаңа педагогикалық білімдерді қажет етеді.

Болашақ мұғалімдерді жеткіншектердің мінез-құлықындағы ауытқуларға дайындаудың мазмұны неден құралады? Яғни, біз педагогикалық мамандықтар студенттерін девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмысқа қашан, қандай және қаншама нәтижелі даярлап отырмыз? Қолына диплом алған жоғары педагогикалық оқу орнының түлегі тәрбиесінде ауытқылар бар балалармен жұмысқа даярлық таныта ма?

Осы мақсатмен біз табиғи-жаратылыстану бағытындағы педагогикалық мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларына талдау жасадық. Бұл мамандықтардың студенттері 5-9 сыныптар, яғни жеткішектермен тәрбиелік жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу, соның ішінде тәрбиесі қины балалармен жұмыс іскерліктері мен дағдыларын меңгерген болуы тиіс. Жалпы, студенттер «Педагогика», «Психология», негізінен «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» курстары мазмұны жеткіншектердің арқылы мінез-құлықындағы ауытқулардың алдын алу және жеңу тәсілдері туралы білімдер мен іскерліктерді меңгеру мүмкіндіктеріне ие. Бұл курстар бір семестр көлемінде өтіліп, оларда көбінесе девиантты мінез-құлықыта балалармен жұмысқа тікелей емес, жаңама ықпал ететін, жалпы тәрбиелік әсер және өзара әрекеттесу тәсілдері меңгеріледі. «Психология» пәні мазмұнында жеткішектер психологиясы қарастырылады. Бірақ, девиантты мінез-құлықты балалар психологиясын үйренуге бөлінген сағаттар өте аз, ал бұл білімдер де теориялық тұрғыда оқып-үйреніледі, тәжірибелік жаттығулар, мысалы психологиядан тәжірибелік және лабораториялық жұмыстарға мүлдем аз ауқыт бөлінген немесе қарастырлмайды.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсында тәрбиесі қиын балалар мәселесі кеңірек қарастырылған. Студент жеткіншектер мінез-құлықындағы ауытқылардың әр түрлі себептері (әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық т.б.), оның алдын алу және қиын балаларды тәрбиелеу әдістері туралы білімдермен негізінен теория жүзінде танысады. Студенттердің өзіндік оқу-танымдық жұмыстары (СӨЖ) үшін тапсырмалар тақырыптары арасында девиантты мінез-құлықтың алдын алу тақырыбына арналған тапсырмалар кездеседі.

Педагогикалық іс-тәжірибенің болашақ мұғалімдерді мінез-құлықында ауытқылары бар балалармен жұмыс іскерліктерін қалыптастырудағы мүмкіндіктері мол. Бірақ девиантты мінез-құлықтың алдын алу немесе жеңу мәселесі педагогикалық іс-тәжирибе бағдарламаларында студенттерге берілетін жеке шығармашылық тапсырмалар қатарынан орын алып, оларды тек кейбір студенттер ғана орындайды.

Сондай-ақ, психология, педагогика және тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі пәндерінен курстық және дипломдық жұмыстар тақырыптары арасында жеткіншектердің мінез-құлықындағы ауытқылардың алдын алу мәселесі кездеседі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыптары арасында да бізді қызықтырған осы мәселе төңірегіндегі тақырыптарды кездестіреміз.

Жалпы, педагогикалық мамандықтардың студенттерін жеткіншектердің мінез-құлықындағы ауытқулардың алдын алу және жеңуге дайындау мәселесі мамандықтардың оқу жоспарларында жеткілікті дәрежеде көрініс таппаған. Осы бағыттағы жұмыстар көбірек мақсатты емес, эпизодтық сипатта жүргізіледі. Ал жоғарыда айтылғандай, педагогикалық оқу орнын бітірген жас мамандардың тіпті бәрі мінез-құлықындағы аутықылары бар балалармен жұмыста қиындықтарға кездесіп, бұл мәселенің оң шешімін табуда біраз қиындықтарға кездеседі. Мектеп жағдайында кәсіби-педагогикалық қызметке бейімделу кезеңінде жас маманның мұндай қиындықтармен кездесуі оның таңдаған мамандығына деген қатынасына, өзінің кәсіби маман екендігіне болған сеніміне теріс әсерін тігізетін жағдайлар жоқ емес.

Болашақ мамандарды жеткіншектер мінез-құлықында ауытқылардың алдын алуға дайындаудың өзекті мәселелерінің бірі – бұл дайындықтың гумандық-бағдарлы бағытталғандығы.

Біздің педагогикалық байқауларымыз мен сұхбаттарымыз жас мұғалімдер девиантты мінезді балалармен жұмыста әсіресе авторитарлық тұрғыдан әсер ету тәсілдерін, немесе педагогикалық әсерлердің ешқандай нәтижелер бермеген жағдайларда либералдық позицияны ұстанатындығын көрсетеді. Біз сұхбат жүргізген 72% жас мұғаілмдер қиын балалармен қарым-қатынаста гуманистик тұғырлар нәтиже беруіне сенбейді. «Университетте бізді балаға гуманистик қатынаста болуға үйретеді, ал шындық қиын балаға қатал болуді талап етеді», «Қиын балаларға олардың мінезіне сай авторитарлық тұрғыда қатынас көрсету керек», «Егер қиын балаларға әсер күшін бермесе, онда олардың мінезін барынша қабылдауға, олармен келісуге тура келеді» , - деген мағынадағы тұжырымдар көптеп кездеседі.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық білім мазмұны тұлғаға бағдарланған, гумандық бағдарлы идеяларға негізделеді. Болашақ мұғалімдердің санасына балаларға гумандық қатынас құндылықтары сіңіріледі. Бірақ жас маман мектепте педагогикалық теория (кітапта жазылған, ұстаздар насихаттаған ұстанымдар) мен шынайы педагогикалық тәжірибенің қабыспауын байқайды. Бұл, әріне теорияның бос сөздгі, немесе практика теориясы да дамытындығы деген емес. Шынайы теориясы мен тәжірибе біртұтастығын болашақ маман жақсы пайымдауы керек. Тек құнды педагогикалық идеялар педагогикалық тәжірибенің ең күрделі мәселелерін «парасатты шешуге» мүмкіндік бере алады.

Болашақ мұғалімдерді жеткіншектердің мінез-құлықындағы ауытқулардың алдын алуға гумандық-бағдарлық даярлаудың негізінде «педагогтың балаларға деген қатынасындағы гумандық позициясының мәнін айқындайтын педагогикалық қолдау жатады». «Бұл мұғалімден көмек мен қорғауды іздейтін балалардың ересек адамдарға деген табиғи сеніміне деген жауап, бұл балалардың қорғансыздығын және өзінің балалар өмірі, денсаулығы, эмоционалдық көңіл-күйі, дамуы үшін өзінің жауапкер екендігін түсіну» [1,67-б.].

Мінез-құлықында ауытқулар бар жеткіншектер мұғаілмден ерекше назар аударуды, педагогикалық қолдауды талап етеді.

Педагогикалық қолдау дегеніміз «тәрбиеленуші сенімінен шығу; көбінесе педагогикалық қолдау қажеттігін өзі сезбейді, бірақ оған мұқтаж болған тәрбиеленушілерге қол ұшы жәрдемін беріп, қолдап-қуаттау»[2].

Педагогикалық қолдау:

1) тәрбиеленушілердің баршасына бағытталып, оларға деген қамқорлық пен сенім қатынасында көрінумен өзара сыйластық, түсіністік, қызметтестік көңіл-күй жағдайын түзуге көмегін тигізеді;

2) жеке тұлғаға бағытталып, оның дамуына, білім игеруіне, тәрбиелілігіне, өз басы проблемаларын шешуге жәрдем көрсетіп, азаматтың өзгерістерін диагностикалап баруға мүмкіндік береді [3;4].

Жеткіншектердің мінез-құлықындағы ауытқуын гуманистик-бағдарлық алдын алуға болашақ мұғалімдерді дайындау педагогикалық қолдаудың дұрыс ұйымдастырға бағыт алады. Осы тұрғыдағы педагогикалық қолдау мынандай ұстанымдарға негізделеді:

- жеткіншекке оның денсаулығы мен психикалық қалпына, оқуына, тұрмыстық әрі кәсіби бой тіктеуіне кедергілердің алдын алу және нақты іс-әрекеттік көмек көрсету;
- баланың жеке басы ерекшеліктерінің орнығу процесін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық қызметтер;
- жеткіншектің ауытқуға бейім қылық-әрекет қиыншылықтарын жеңуге бағытталған ықпалдасты әрекеттердің ерекше түрлерін пайдалану;
- келеңсіз мінез әрекеттеріне бейім жеткіншекке нақты жекеленген жәрдем беру;

- жеткіншекті басшылықты жетекке алу;
- мектеп педагогикалық ұжымының педагогикалық қолдау мәселесіне ерекше зеін аударуы;
- жеткіншектердің өзін-өзі тану шартына айналып, оқу мен тәрбие шеңберін үйлестіруге бағытталған мұғалім мен оқушы ықпалдастығын күшейте түсу.

Жеткіншектердің мінез-құлықындағы ауытқулардың алдын алу және жеңуге болашақ мұғалімдерді тәрбиелеудің мазмұнын құрастыруда жайттарды ерекше назарда ұстаған жөн:

- баланың жас ерекшелігін ескере отырып, рухани дүниесін терең зерттеп білу,
- жүрегіңізбен сезініп, оған қайырымды болу керек.
- баланың ішкі дүниесі мен қылықтарын, іс-әрекеттерін білу керек, мінезін түсіну үшін оның дамуына қажетті не екенін білу керек.
- мейірім мен сүйіспеншілік – екі жақты да адамдық сипатқа жеткізетінін ұғыну керек.
- психологиялық түзету кезеңінде тек қана төзімділік керек.
- тәрбиелік іс-әрекет кезінде сабырлы, ілтипатты, салқынқанды, ұстамды болу қажет.
- баланың саналы түсінгендігіне сенім көрсетіп, әділетті болу керек.
- құр уағыз айтып, мезі етіп, жанын жараламай, қателігін үнемі бетіне баспау керек.
- орынсыз жазаламау керек.
- жан жылуын зәруліктен құтқару, бала құқығымен санасу.
- жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету жағын ескеру қажет [5;6;7;8].

Жалпы, жеткіншектердің мінез-құлықындағы ауытқулардың гуманистик-бағдарлық алдын алуға болашақ мұғалімдерді дайындау баламен қамқорлық пен сенім қатынасытарын орнату, өзара сыйластық, түсіністік, қызметтестік көңіл-күй жағдайын түзуге көмегін тигізу, жеке тұлғаға бағытталып, оның дамуына, білім игеруіне, тәрбиелілігіне, өз басы проблемаларын шешуге жәрдем көрсетіп, азаматтың өзгерістерін диагностикалап баруға мүмкіндік беретін педагогикалық қолдау ұстанымдарына негізделген теориялық дайындық пен тәжірибелік іс-әрекет мазмұнын құрастыруды болжайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Буланова-Топоркова М.В., Духавнева А.В. т.б. Педагогические технологии.- Ростов-на-Дону: Изд. Центр «МарТ», 2002.
2. Газман О.С. Ерікті педагогикасы: XXI ғасырдың гуманистік өркениетіне жол. Білім берудің жаңа құндылықтары, - М.: Инноватор, 1996.
3. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику. - М.: Институт практической психологии, 1997.
4. Бережнова Л.Н. Депривация в процессе образования: Монография. – СПб.: атындағы РГПУ им. А.И.Герцена, 1999.
5. Губашева С. Г., Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі: оқулық. - Астана: Фолиант, 2007. - 244 с.
6. Дүйсекенова А.К. Қиын балалар және олармен жұмыс істеу ерекшеліктері.- Алматы, 2003.
7.Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика.-Алматы, 2000.
8. Жолмұханова Б. Қиын оқушыны тәрбиелеу // Оқушы тәрбиесі, 2009.- №1.

А. Б.Нурлыбекова [1], С. Мамадалиев [2]
Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Подготовка будущего учителя к гуманистически направленной профилактике отклоняющегося поведения подростков

Аннотация. В статье рассматривается проблема подготовки будущего учителя к гуманистически направленной профилактике отклоняющегося поведения подростков. Выделены способы формирования навыков, способствующих определению причин и своевременному предупреждению отклоняющегося поведения подростков на основе использования принципов воспитания гуманистической направленности. Проанализировано содержание подготовки будущего учителя к гуманистически направленной профилактике девиантного поведения подростков.

Ключевые слова. Будущий учитель, подростки, отклоняющееся поведение, причины отклоняющегося

поведения; гуманистически направленная подготовка, девиантное поведение, содержание образования, педагогическое воздействие, педагогическое взаимодействие, формы воспитательной работы, методы воспитания.

A. B. Nurlibekova, S. Mamadaliev
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

Preparing future teachers for preventing humanistic-oriental deviation in teenagers behavior

Abstract. The article deals with the problem of preparing the future teacher for a humanistically directed prevention of deviant adolescent behavior. The ways of forming the skills of determiningthe and timely warnings deflected behavior of the principles of the humanistic orientation of education are considered in this paper.

The content of preparing the future teacher for humanistically directed prevention of deviant behavior of adolescents is analyzed.

Key words. future teacher, adolescents, deviant behavior, causes of deviant behavior; humanistically directed training, the content of education, pedagogical influence, pedagogical interaction, forms of educational work, methods of education.

References

1 Bulanova – Toporhora M.V. Dukharnera A.V. t.b. Pedagogiches bye technology [Pedagogical technology](Izd Centr « Mar T», Rostov-na Donu, 2002).
2 Gazman O.S. Erikti pedagogika[Voluntary Pedagogy: .] XXI gasirdin gumanistik orkenietine Zhol Bilim berudin zhana kundylyktary [A path to the humanist civilization of the 21st century](Innorator, Moscow, 1996).
3 Mudrih A.V. Vvedenye v socialnujy pedagogiku [Введение в социальную педагогику] (Institut prakticheskoy psychologyy, Moscow, 1997).
4 Berezhnova L. N. Deprivatciya v processe obrazovaniya : Monografya[Deprivation in the process of education] :Monograph(RGPH im. A.Y. Gercena, Saint Petersburg, 1999).
5 Gubasheva S.C. Otarbay A.Zh. Tarbiye zhumysynyn adistemesi : okulyk[Methods of educational work: textbook] Foliant, Astana, 2007.- 244s
6 Duysehenova A.K. Kiym balalar zhane olarmen zhumys isteuereкshelikteri [Difficult children and features of working with them](Almaty, 2003).
7 Kojanbaev Zh. B . Kojanbaev R. M. Pedagogika[Pedagogy](Almaty, 2000).
8 Zholmukhanova B. Kiyn okushyny tarbieleu // Okushy tarbiesi , 2009

Авторлар туралы мәлімет:
Нурлыбекова А. Б. - педагогика ғылымдарының докторы, «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының профессоры.М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан.
Мамадалиев С. - «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан.
Nurlibekova A. B. - Doctor Pedagogical Sciences, Professor at the Department of "Pedagogy and Musical Education" M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan.
Mamadaliev S. - Master's degree second course of «Pedagogy and Psycology» M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan.